



ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Мартин Хайдеггер:
біз болмысты ұмыттық

4-тарау. Қазіргі философия



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 21. Мартин Хайдеггер: біз болмысты ұмыттық

Мартин Хайдеггер – ХХ ғасырдың ең жұмбақ, еңбектері ең көп талас тудырған философтарының бірі.

Оның философиялық ойлары көптеген ойшылдарға, негізінен, континенттік Еуропа философиясына өлшеусіз ықпал еткені уақыт өте айқын болып отыр.

Бұл ықпал уақыт өткен сайын күшейе түсуде. ХХ ғасырдың екінші жартысында оның нацизммен ымыраластығы сорақы факт ретінде кеңінен айыпталып, еңбектері біраз уақыт бойына ұмыт қалды.

Хайдеггер Сартрға, сонымен қатар кейбір теологтерге де күшті ықпал етті, олардың арасынан Карл Ранер мен Джон Макуарриді атап өтуге болады. Олар Эдвард Робинсон үшеуі оның еңбектерін ағылшын тіліне аударды. Хайдеггердің философиясы терең ықпал еткен ойшылдардың қатарында – Жак Деррида, Мишель Фуко, Ганс Георг Гадамер, Жак Лакан бар.

Өмірі

Мартин Хайдеггер Германияның Баден өңіріндегі Шварцвальд ауданында, діндар католиктер отбасында 1889 жылдың 26 қыркүйегінде дүниеге келді. Ол философияны Фрайбургте оқыды. Оқытушыларының бірі – Эдмунд Гуссерль болды. Кейінірек Хайдеггер сол университетте, одан кейін Марбург университетінде сабақ берді, ал 1933 жылы Фрайбург университетінің ректоры болып тағайындалды.

Жоғары лауазымға тағайындалуына байланысты Хайдеггер нацистік идеологияны белсенді түрде қолдай бастады. Ол нацизмнің Германия үшін жаңа леп әкелетініне сенімді болды, оны «жаңа арай» деп жариялады. Он айдан кейін қатесін түсініп, ректорлық қызметтен бас тартты және саясаттан кетті. Ол Шварцвальдта жалғыз және қарапайым өмір кешті. Философ 1976 жылы, өмірінің соңғы отыз жылында бұрынғы ұстанымы үшін қатты сынға ұшырай жүріп қайтыс болды.

Хайдеггер еңбектерін өзіне тән, түсінуге өте қиын тілде жазды. Оның еңбектерінде терминдер мағыналарын жиі ауыстырады; көбіне сөздерді ескірген мағынасында қолданды. Ол тіпті құрамы күрделі жаңа сөздер де жасады. Хайдеггер заманауи арнайы терминдерді өте кең және жалпы мағынада қолданды; сөздерді ойнату және бір сөзге әртүрлі мағына беру талпыныстары жиі кездеседі. Логика, метафизика, ғылым тарихы және философиясы, тіл, поэзия, технология, грек ойы, математикаға қатысты тақырыптарды қарастырады. Біздің өркениет, оның пікірінше, «болмыстан шығып» қалғандай. Біз болмысты ұмыттық. Хайдеггер біздің өміріміз күрделі жұмбақтың, болмыс құпиясының алдында өтіп жатқанын үнемі ескертіп отырды. Бұл құпияны түсіндіру мүмкін емес, бірақ біз ұзақ және ерінбей-жалықпай пайымдайтын болсақ, оны ұға аламыз.

Ойлары

Феноменология

Хайдеггер бастапқыда ұстазы Эдмунд Гуссерльдің көзқарасын ұстанды. Гуссерльдің түсінігінде, адам санасының шоғырлана және тазара алатыны соншалық, ол заттарды шын мәнінде қандай болса сондай етіп, яғни түсіндірмелермен немесе тіл қызметімен бұрмаланбаған күйінде қабылдауға мүмкіндік берді. Осы шоғырлану мен айқындалу процесін іске асыру үшін Гуссерль феноменологияны немесе сананы дерексіз, абстрактілі талдауды – феноменологиялық анализді ойлап тапты. Хайдеггер осы идеяларды дамытты.

Феноменология ойлау теориясын ұсынды, ол одан әрі барып, болмыс теориясын жасады. Феноменология адам санасының ішкі мазмұнын сипаттады. Хайдеггер болса, өмір сүрудің мазмұнын сипаттамақ болып шешті: ол болмыстың адамнан мұқият жасырылған құпия процестерінің тереңіне бойлады.

Оның еңбектерінің мәтінін оқу мүмкін емес. Көп адамның тіпті кәсіби философтардың



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 21. Мартин Хайдеггер: біз болмысты ұмыттық

да ойынша, Хайдеггер өз философиясының сырын ұққан таңдаулы аз адамнан тысқары шыққанын қаламаған мақсатпен әдейі түсініксіз түрде жазған жоқ па деген сұрақ туындайды. Алайда ол өзіне дейінгі барлық басқа еуропалық дәстүрде ой толғаған философтардан біршама өзгеше пайымдады. Ойлаудың өзіндік жаңа тәсілін білдіру үшін оған жаңа тіл қажет болды, себебі ғылыми ойдың толықтығын білдіру үшін қазіргі заманғы ғалымдар үнемі арнайы жаңа ұғымдар ойлап тауып отырады. Бұл – кәсіби философтарға арналған тіл.

Болмыс

Ежелгі заман философтары болмыс дегеннің не екені туралы сұраққа жауап іздеді. Біз қазір оған қалай жауап береміз? Хайдеггердің айтуынша, біздің оған жауап бере алмайтынымыз былай тұрсын, ең қиыны, біз тіпті ондай сұрақты қоя алмаймыз, өйткені оның не екенін түсінбейміз де.

Ең алдымен, мына сұраққа жауап берейік: болмыс пен бар болу арасындағы айырмашылықтар қандай? Дүниеде өмір сүретін барлық нәрсе бар: кітап, от, қазір мен отырған орындық, алдымдағы маған қарама-қарсы жазу үстелі, көшедегі жел және әрине, менің өзім. Енді осы бар объектілер мен олардың не істейтінінің арасындағы айырмашылықтарды анықтаймыз: олар жай ғана... өмір сүріп, бар болып отыр. Бүкіл «бардың» мұнысы әрекет болып көрінеді, бірақ ол соншалық әрекет те емес немесе хал секілді сезіледі, бірақ толық мағынасында хал деп атауға да болмайды. Бұл – жоғарыда сипатталғандардың бәрінен маңыздырақ, негіздірек бірдеңе. Бұл – болмыс. Болмыс – бар нәрсенің жай ғана бар болуы емес. Болмыс – заттардың өмір сүріп отырғанының дерегі; олардың бар екенін негіздейтін нәрсе.

Бірақ біз баз баяғыша болмыстың не екенін білмейміз. Ол: «Чек кітапшамда чек қалған жоқ, бірақ кереуетімнің жанындағы үстелімнің үстінде ақша бар», – деген сөйлемдегі «жоқ» және «бар» сөздерінің мәнінен тереңірек және негіздірек әлдене. Дүние қандай болса, оны сондай деп ойлаңыз, сосын оны Эйфель мұнарасынсыз елестетіңіз. Дүниені сәулетті ғимараттарсыз, иттерсіз елестетуге тырысыңыз. Осылайша әр қадам жасаған сайын біз Ештеңеге – аясында ешбір зат атаулы, тіпті кеңістік пен уақыт та жоқ халге жақындай түсеміз. Ештеңені ешкім елестете алмайды. Дәл осылайша біз өз қиялымызды болмыс идеясын – айналадағы барлық объектілер мен құбылыстардың өмір сүруін мүмкін ететін нәрсені ұғынуға дайындауымыз қажет.

Хайдеггер бізді болмысты – дүниедегі бар нәрсенің алғышартын – барынша мұқият қарастыруға жетелейді. «Болмыс» дегенде, Хайдеггер сиқырлы таяқшасын сілтеп қалып бәрін бірден қалыпқа келтіретін қарабайыр Құдай ұғымын меңземейді. Бізді болмыстың, айталық, бөтелкенің, дауылдың немесе паспорттың мәнінен едәуір ерекшеленетін мағынасын түсінуге апаратын өз жолымызды анықтауға шақырады және есіңізде болсын, паспорт шындығында жай ресми құжаттан әлдеқайда ауқымды нәрсе – ол белгілі бір қызметтер атқарады, мүмкіндіктер береді, адамның іс-әрекетін шектейді және тұлғаның жеке басын куәландырады. Біз, қоршаған дүниенің объектілері, бар құбылыс ретінде болмыспен өзара байланыстымыз, оны зерттеу – өзіміз үшін аса қажет.

«Адамдар болмысты ұмытты. Олар болмыс туралы сұрақ қоюды ұмытты. Біз ғылымға тым қатты беріліп кеттік; біз бар дүниені зерттеуге назар аударатын ғылымды дамытумен әуреміз», – деп жазады Дерек Джонстон.

Dasein

Dasein – біздің «қамаудағы халіміз». Хайдеггердің айтуынша, біздің әрқайсысымыз әлеуметтік ортаға қамалғанбыз. Әлеуметтік орта – үстімізге кигізілген тыныштандырғыш жейдеге ұқсайды. Біздің ортамыз жастарды белгілі бір дайын үлгілер бойынша әрекет етуге, рұқсат етілген шеңберден шықпауға тәрбиелейді. Ол ақыр соңында Dasein болып шығады. Dasein өмір сүруінің әр тәсілі «дүниедегі-болмыс» деп аталады. Ол – адам мен болмысты біртұтас етіп



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 21. Мартин Хайдеггер: біз болмысты ұмыттық

біріктіретін байланыстардың құрылымдық құрылысы. Негізгі экзистенциалдық құрылымдар – уақыт, ажал және үрей.

Dasein енжар болмыс ретінде өмір сүрмейді. Оның негізгі қасиеті «болмыстың бар болуының» өзінде жатыр. Екінші жағынан, Dasein дегеніміз – «болмыстың болуын қажет ететін бар дүние». Ол әлеуетті мүмкіндіктерге ие емес. Dasein – осының бәрінің мүмкіндігі. Айырмашылықтары: үстелді қолданудың әр нақты жағдайы даяшының, оқушының немесе баланың шешіміне байланысты. Үстелдің өзі ештеңе шешпейді. Хайдеггердің пікірі бойынша, өзінің не болатынын, қандай нәрсеге арналатынын әр Dasein өзі шешеді: әкем сияқты кеңседе жұмыс істеймін бе, әлде тәуекелге бел буып, өз мүмкіндіктерімді пайдаланып, ӨЗІМ болам ба? Ештеңе де алдын ала анық емес. Ол алдын ала берілген нақты мәнмен тұйықталмаған. Бардың Dasein формасы болмысқа жол ашады, өзінің мәнін өзі жасайды.

Dasein – болмысқа апаратын жол. Мұнымен бірге, Dasein – бүкіл бар нәрсе сияқты, материалдық дүниенің нақты өмір сүріп отырған элементі. Ол болмысты зерделей және түсіне алады. Бірақ Dasein бар дүниемен – адам тұлғасымен – ол теориялар құру немесе қандай да бір нәрсе туралы пайымдау қабілетіне ие болғанға дейін берік байланыс орнатады. Біз зерттеп, зерделеуге тиісті бірінші нәрсе – біздің дүниедегі болмысымыз.

Өмір сүруден тысқарылық

Біздің «дүниедегі болмысымыз» жай енжар ғана емес. Бұл дүние бізді өзіне икемдейді және біз оған бейімделеміз. «Exist», Хайдеггердің айтуынша, «ex-ist» – яғни сыртта болу, іс жүзінде өз санасынан тысқарыда қалу дегенді білдіреді. Dasein – «өзгелермен болмыс» деген сөз. Хайдеггер: «Адамның дүниеде болуы өзге де нақты нәрселердің болжалды бар болуымен бір мезгілде жүзеге асырылады», – дейді.

Күйбең тірліктің түрлі көріністерімен бетпе-бет келгенде біз қауіпке тап боламыз. Бұл қауіп – өмірімізде күн сайын болып жататын қат-қабат шаруа мен ұсақ-түйектің тасасында жұтылып, өзімізді жоғалтып алу қаупі. Біздің болуымызға, яғни бардың болмысына қарапайым керек-жарақтың болмысына ұқсап кету қатері төніп тұр. Құралдар мен керек-жарақтарды адам тұтынушылықпен пайдаланса ғана олардың мәні бар. Күйбең тірлік – оқиғаларға жабылған жасанды жамылғы, біздің болмысқа ашықтығымызды әлсіретіп, шегарамызды тарылтатын, мүмкіндіктерімізді азайтып, бізді керек-жарақпен теңестіруге ұмтылатын мата сияқты. Бардың болмысы жай ғана тірі болу мәртебесінде қалып, өміріміздің мәні жоғалады.

Dasein өз мүмкіндіктерін толық ашып көрсеткенде ғана нағыз өзі бола алады. Мәселен, менің өмір сүру салтым толығымен бейқам болуы мүмкін: мен өзімнің кім екенім немесе не істеп жүргенім туралы тіпті ойланбаймын да. Екінші жағынан, мен саналы түрде өзім үшін шешімдердің бәрін басқа адамдарға қабылдауға мүмкіндік беретін өмір салтын таңдай аламын, өз өміріме өзім жауапты болатын тіршілік салтын да таңдауым мүмкін.

Енді Хайдеггердің «Болмыс және уақыт» еңбегіндегі кейбір маңызды ой-тұжырымдарына мән берейік:

• Дүние – адами қам-қарекеттер өрісі. Біздің әрқайсысымыз – жеке «дүниедегі болмыспыз». Біз дүниеде бірдеңе жасағанда, оның объектілерін қозғағанда, әлемнің өзі адамның ажырамас бөлігіне айналады.

• Біздің болмысымыз әлеуметтік ортада өтеді, біз бұл дүниені басқа адамдармен бөлісеміз.

• Біз – қам-қарекеттен жаралғанбыз: қам-қарекет бізді қоршаған ортамен берік байланысқан кезде жүзеге асады. Біз өмір сүретін қоғамға қатысты болғанда ол жеке қам-қарекетке айналады.

Уақыт және төлнұсқалық

«Бізді әрқашан бір нәрсе алаңдатады; бізде тіпті ойлануға бір минут та жоқ. Сірә, осының бәрі өзімізге ұнайтын да секілді. Дүниені осылайша сезінуіміздің дұрыстығына деген сенім-



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 21. Мартин Хайдеггер: біз болмысты ұмыттық

ділігіміздің салдарынан айналадағы көптеген өзге заттармен араласып кетеміз», – дейді Хайдеггер. Бұл болмыстан тіршілікке қашуға, ақыр соңында азап әкелетін сол тіршіліктің мағынасыздығын ұғынуға ұқсас. Азапқа қарсы тұруға тырысқан кезімізде бізге қайтадан артқа қадам жасауға және өз төлнұсқамызға қайта бет бұруға мүмкіндік беріледі. Мен кіммін? Қайда барамын? Не үшін? – бұл сұрақтарды азаптану сұрақтары десек болады. Бірақ олар бізді Dasein төлнұсқасына әкеледі.

Бүкіл объектілер уақытта тіршілік етеді; уақыт оларды басқарады. Ол уақытпен берік байланысты. Dasein дегеніміз – өзі болғысы келетін, уақытын өзіне арнайтын әлдене. Уақыттың қандай да бір формасында өмір сүру – оның өліммен өзара байланыста болуының себебі. Dasein – өз мақсатын өзі ұғынатын нәрсе. Мұның мәні: ол тіршілікте бар нәрсе өлімді ұғынады деп пайымдайды.

Бірақ Dasein өз болмысын өзі билеп, өз болашағының тізгінін өз қолына ала алады. Бұл жағдайда ол өзінен-өзі қашуды тоқтатып, өзінің ниеті, қорқынышы, уақыттағы өз тіршілігі үшін жауапкершілікті мойнына алады.

Техникаға ұқсаған адам

Біздің мазасыздануымыз функционалды; бізге өзімізді қоршаған объектілерді олардың ресурс, құрал, керек-жарақ ретіндегі құндылығын анықтау арқылы қарастыру тән. Өзіміз де техникаға ұқсай бастадық. Өмірдің мұндай индустриялық салты, Хайдеггердің ойынша, біздің шынайы болмысымызды ұмытуымыздың залалды салдары. Бүкіл адамзат тарихының барысында біз заттарды, қоршаған дүние объектілерін пайдалануға тырыстық.

Хайдеггер біздің техниканы қолдана білуімізге және оны басқаруымызға ешбір шеңберге сыймайтын бақылаусыз әрекет ретінде қарайды: бастапқыда біз ресурстарды табиғатпен үйлесімде пайдаландық, енді ресурстарды табиғатты тұтастай билеу үшін пайдаланамыз. Техника әлемі адамдардың бірлесе өмір сүруінің ықтимал тәсілі ретінде пайда болды. Соған қарамастан, ол бізден шынайы болмысын жасырып қалды. Қазіргі заманғы өмір техниканың үстемдігіне байланысты; оның құдіреті біздің барлық мүмкіндігіміз бен қабілетімізді көлеңкеде қалдырып отыр.

«Ғылым ойланбайды», – деп атап көрсетті Хайдеггер. Ғылым нақты бар дүниеге бағытталуы тиіс. Ол болмысты ұғынумен және түсіндірумен айналыспау керек. Біз табиғаттың қожайынына айналдық. Дүние – айла-амалын тауып, басқаруға болатын объектілер жиынтығы; біздің өнеріміз – басқарудың озық әдісін есептеп шығаруда болып тұр. Бірақ біздің ойлауымыз, Хайдеггердің пікірінше, қарапайым есептеуден және түрлі керек-жарақтарды тиімді пайдаланудың неғұрлым тиімді тәсілдерін ойластырудан өзгеше. Біз өзіміздің қайда екенімізді жете түсініп, бізден күйбең тіршілік жасырған төлнұсқамызды ұғынуға ұмтылған кезімізде, ойлау тоқтайды. Ойлаудың шарты – ойлану мен толғану болса; техника – есептеуді талап етеді.

Метафизикадан тысқары

Хайдеггер ашықтыққа немесе жайдарылыққа болмыстың аясындағы оқиғаларға түрткі болатын қандай да бір әрекеттерге итермелеуші динамикалық құбылыс ретінде ой жүгіртті. «Болмыс өзін-өзі жаратады». Біздің санамыз – дүниеде бар нәрсеге кездейсоқ көзқарас емес. Осылайша оның назары Dasein-нан болмысқа көшеді. Мен бұдан былай дүниеде ненің бар екені туралы ойлауға тырыспаймын. Болмыстың өзі менің ойлауыма қажетті арна беруге ұмтылады.

Метафизика – болмысты бар болу ретінде зерттеу; бар болып отырғанның мәні туралы пайымдаулар; нақты дүние негізделетін алғашқы себептер мен принциптер туралы ілім; бізді қоршаған нақты дүниені рационалды тану; адамды қоршаған заттар, олардың тереңдігі мен мәні туралы рационалды білім.

Метафизика болмыстың өзін емес, дүниеде бар объектілерді зерттейді. Болмыс жасырын және өзін осы объектілер, бар нәрсе арқылы көрсетеді. Біз метафизикадан тысқары шыққанда,



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 21. Мартин Хайдеггер: біз болмысты ұмыттық

өз ойларымызды адам табиғатын түсінуге және метафизиканың өзі көтеретін тақырыптарға ұқсас мәселелерді қарастыруға қажетті арнаға бағыттағанда, болмыс біз үшін жалаңаштанып, өзінің барлық құпиясын ашады. Бірақ мәселелерді түсіну мен қарастырудың осындай процестері мүлдем басқа деңгейде, метафизика бүкіл ойлау процесіне қауіпті залал келтірмей қол жеткізуді қалайтын деңгейде жүреді.

Хайдеггер ескі метафизикалық мәтіндерді қайта оқыған кезде болмыстың жасырын және бүркемелі көріністерін зерттеуге үнемі ерекше назар аударып отырды. Сондай-ақ, ол барлық жасырын сырды айқара ашуға тырысты.

Осылайша оның пікірінше, болмыстың бүкіл тарихы – болмысты Платон, Аристотель, Декарт, Ницше және т. б. үшін жасырын және құпия күйде сақтап келген ұзақ жол.

Тіл және поэзия

Болмыс өзін адамдарға көрсетпейді, өйткені біз сөйлейміз, тілді меңгергенбіз. Ол сөйлеу барысында айқындалады. «Тіл – болмыстың үйі», – деп атап өтті Хайдеггер. Ой болмыстың өнімі, жемісі болатын нәрсе туралы ғана ақпарат бере алады. Ол оны сөздің көмегінен айтады, өйткені шын мәнінде мұндай ақпаратты адам тілімен жеткізу мүмкін емес.

Біз техниканы жетілдіру және тіл білудің арқасында, қоршаған дүние заттарын түрлі айла-амалмен пайдалану дағдысын дамыту арқылы болмысты түсіну мен ұғынуда табысқа жетпейміз. Бар болуға толы болмысты өзіміздің поэзиямыздың «ғимаратында» немесе одан тыс жерде жасаймыз.

«Салиқалы ақылға негізделген өмірлік ұстаным» деп атауға болатын нәрсе үстіңгі бетте қалады, тіршілікте бар дүниені ыңғайына көндіріп, одан мағынасыз, таяз және маңызсыз әлдене жасайды. Ақиқаттың жарқырауы мүмкін болатын поэзия ғимараты дегеніміз – осы.

Түйін

Феноменология дүние мен оны қабылдайтын сезім мүшелері арасындағы өзара байланысты зерттейді. Бұл ретте ол санаға назар аударады, оны бейсаналық емес, саналылық қызықтырады. Дүниені және ондағы біздің орнымызды мұқият талдау адамдарға қоршаған ортаны ұғынудың оң және теріс, зиянды жолдарын көре білуге көмектесу мақсатында дайындалды.

Хайдеггерді философ-экзистенциалистердің қатарына жиі қосады. Ол өзі мұндай пайымдаулардың негізділігін мүлде мойындамады. Философтардың ойларын «санадан» ажыратып, «болмысқа» аудара алды. Басқаша айтқанда, біз дүниеде бар нәрсені танып-білуге көмектесетін процесс туралы ойлаудың орнына, нақты өмір сүріп отырған дүние жөнінде ойлауымыз керек. Дүниеде өмір сүріп отырған объектілер туралы идеялар ұсынуға байланысты философиялық дәстүр бұл жағдайда біздің Болмысты ұғыну мүмкіндігімізбен қиылысады.

Қандай да бір объектілердің болу фактісі, оның ішінде біз де бармыз, ғажайып және оны түсіндіру мүмкін емес. Бірақ философиялық дәстүр осы фактіні түсіндіруге ұмтылады. Болмыстың мәнін түсіну үшін, біз өткен дәуір философиясының дәстүрлі түсініктемелерін ескеруіміз керек. Болмысты ұғыну рационалды зерттеулерге емес, таңырқаулы толғаныстарға ұқсас болуы тиіс.

Мартин Хайдеггердің басты мақсаты – талдауды жүзеге асыру болды, соның нәтижесінде болмыс өзінің мәнін ашып көрсетер еді. Ал шын мәнінде, ол адамның мәніне феноменологиялық талдау жасаудың шеңберінен шыға алмады. Оның «болмыс» деп нені меңзегені немесе неге ол біздің болмысты ұмытуымызды мәселе санағаны үнемі айқын емес-ті.

Біз білімді тәжірибеден бөле алмаймыз; олар бір нақты дүниені құрайды. Әлбетте өмірге деген өз көзқарасымызды қалыптастырамыз. Біздің оған қатысты өз ұстанымымыз бар, себебі олар туралы ойлаймыз. Төлнұсқалық айналадағы заттардың немесе құбылыстардың кез келген дәлелін терістеуді және адам зердесімен ұғынып үлгерген білімдерді қабылдаудан бас тартуды білдіреді. Біз үшін өз өмірімізді басқару мүмкіндігіміз бен айналамыздағы әлемге қатысты шешім қабылдау қабілетіміз аса маңызды.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 21. Мартин Хайдеггер: біз болмысты ұмыттық

Бар болу дегеніміз – өмірдегі бардың бәрі; ештеңе ғана тіршіліктен тысқары тұра алады. Болмыс уақытта болады. Уақыт өзгереді. Біз осы өзгерістерді зерттеп, жаңа мүмкіндіктер ашуымыз қажет. Берілген түсіндірмелерге сенбейінше, өмірдің не екенін түсіндіре алмаймыз. Өмірімізге өзіміз билік етіп, жаңа мүмкіндіктер мен қабілеттерді сынауға, олар туралы білуіміз тиіс. Әлбетте, біз сондай-ақ осы қабілеттердің шектері туралы да хабардар болуымыз керек. Біз мұнымен дәл қазір айналысуымыз қажет; уақыт тығыз. Бұл ойлардың барлығы этикаға біршама жақын, алайда Хайдеггер өзінің этикалық ілімін қалыптастырмады. Қандай этика өмірдің төлнұсқалық және көшірмелік салты ұғымдарымен байланысты еді?

Хайдеггер қатты сыналды. Шынында да, ол философиялық ойлау әдістерімен және философиялық көзқарастарымен осы сынға лайық еді. Философиялық дәстүрді айқын баяндауға ұмтылғанына және ұмтылатынына қарамастан, ол өз еңбектерін саналы түрде бұлдыр да түсініксіз тілде жазды. Ректорлық қызметтен кеткен соң, ол философиямен, негізінен, өз пікірлестерінің шағын тобында айналысты. Бірақ, жалпы алғанда, философияның өзі де қалың бұқараға арналмаған емес пе еді?

Оның нацистер режимімен байланыстары әлі де әрқалай айтылып келеді. 1933 жылы университетте маңызды лауазымға ие болды. Осы қызметте жүрген кезінде өзінің студенттері мен әріптестеріне нацистік идеологияны ашық мадақтап, оны «неміс шындығының бүгіні мен болашағы, сондай-ақ жоғары заңы» деп жариялады. Өзінің философиялық идеяларын нацистік идеологиямен біріктіре отырып, біз әлгінде атап өткендей, жақсы мансапқа қол жеткізе алған болар еді. Алайда бәрі басқаша болды. Хайдеггер философиясын қандай да бір идеологияға көгендеу қиын; оның ойларында ешқандай эпистемологиялық, саяси немесе моральдық өзек жоқ.

Сәл жұмсақтық танытқан сыншылар Хайдеггердің өз қызметін он айдан кейін-ақ тастағанын, сондықтан нацистердің айуандықтарына белсене араласпағанын алға тартады. Бірақ ол нацистік режимді бір де бір рет айыптамады. Өзінің бұрынғы сөздеріне кешірім де сұраған жоқ. Хайдеггер жай ғана, бұдан былай нацизмге байланысты ештеңе жазбайтынын, өзінің өткендегі істерін – 1934 жылғы қылықтарын қайталамайтынын айтты. Соған қарамастан, қатыгез сыншылар оны адамзатқа қарсы жасалған қылмысқа белсене және қасақана қатысты деп айыптайды.

Қорытынды

Сөзбен жеткізу мүмкін емес нәрсе Хайдеггердің болмыс философиясынан өз бейнесін тапты. Болмыс – жай ғана өмір сүретін бар нәрсенің бәрінен ара жігін ажыратады. Хайдеггердің ойынша, дәстүрлі метафизика болмысты ұмытты. Болмыс пен бар болуды ажыратудан бас тарта отырып, метафизика өзінің қасақана немқұрайдылығынан дүниеде бар көптеген объектілер туралы ғылымға айналды.